

БЕКІТЕМІН:

«Жаңатірлік» жалпы орта білім беретін мектеп
директоры

А. Сманов

« 01 » 09 2021 ж



**«ЖАҢАТІРЛІК» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНЫҢ
2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ
ЖОСПАРЫ**



2021-2022 оқу жылы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы адами әдеуетті дамыту бөліміне қарасты «Жанатірлік» жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасында «Оқуға –құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған жұмыстары жайлы мәлімет

2021-22 оқу жылында «Оқуға –құштар мектеп» жобасы бойынша «Жанатірлік» жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасында жас оқырмандарға арнап «Электронды кітапхана» стендтері алынып, бұрыштар ұйымдастырылды. Білім берудің кез-келген саласында «Электронды кітапханаларды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, есте сақтау қабілетін дамытады, оқушыларды көпшілік ортада емін-еркін сөйлеуді де үйретеді деп сенеміз. Электронды кітапхананың пайдалану әр оқушыға тиімді әрі қол жетімді.



Электронды кітапхананы пайдалану ережесі: әрбір жеке тұлға смартфоннан QR код ашып, әр кітап тұсындағы кодқа қоя отырып түсіреді. Сол арқылы телефоннан оқып шығуға болады. Мектебімізде стендтер фаяге ілінген, оқушыларымыз оқып жатыр.



«Жаңатірлік» жалпы орта білім беретін

мектебінің директоры А. Смановқа

«Жаңатірлік» жалпы орта мектебінде қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдық мерей тойы қарсаңында «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» тақырыбында өткізілген іс-шаралар жайлы

Мәлімет

«Жаңатірлік» жалпы орта мектеп кітапханасында кітапханашы Н. Абеновамен тәлімгер Г. Сапарованың ұйымдастыруымен қазақтың ақын ақына Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай «Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі» тақырыбында кітап көрме ұйымдастырылды. Кітап көрмеге библиографиялық шолу жасалды. Онда ақынның суреттері мен өмірбаяны, шығармалары жайлы көрсетілді. Содан кейін «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» тақырыбында әдеби кеш өтті. Іс-шарада 3-4 сынып оқушылары М.Мақатаевтың әндерімен өлең шумақтары «Үш бақытым», «Фаризаға», «Ветховен», «Болашаққа арыз жазып кетейін», «Қуанышым казынам» өлеңдерін оқушылар жатқа айтып өтті. 6 «а» сынып оқушылары М.Мақатаевтың өлеңдерін жақсы айтты. 4 «а» сынып оқушысы Әуесхан Еркеназ қызымызда «Үш бақытым» өлеңін өз деңгейінде айтты. М.Мақатаевтың өз даусымен айтқан өлеңдерін оқушыларға бейнеролик көрсетілді. 3 «ә» сынып оқушысы Жамбылбек Айару үнді биімен билеп, оқушылар шат шадымен қайтты.



8. Әдеби көркем шығармалар арқылы жасөспірімдерді сөйлеу мәдениетін үйрету, үштұғырлы тіл идеясын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар
9. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған жұмыстар
10. Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстардың түрлері.
11. Көпшілік жұмыстардың жаңа түрлерін пайдалана отырып іс- шаралар өткізу, оны баспасөз беттерінде насихаттау
12. Активтермен жұмыс.

1. Мектеп кітапханасының міндеттері мен ережесі

Мектеп кітапханасы- мектептің құрамды бір бөлігі. Ол оқушылардың білім негіздерін үйренуіне көмектеседі, бағыттайды. Оқу-тәрбие жұмысына белсене араласуына ықпал жасайды.

Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, олардың оқуға деген талғамын қанағаттандырып отырады. Кітап оқуға құштарлығы бар оқушылардың жаңа ұжымын құрайды.

Кітапхананы жан-жақты тәрбие жұмысын мектеп педагогикалық ұжымымен біріге отырып оқырмандардың қоғамдық белсенділігін, творчестволық дербестігін қалыптастырып отыруға міндетті. Кітапхана балалардың қоғамдық істеріне көмектесіп отырады. Сондықтан кітапхана мектептің қоғамдық ұйымдарымен тікелей байланыста болуы керек.

2. Негізгі бақылау көрсеткіштері

р/с	Жұмыстың түрлері	2021-2022
1	Жалпы кітап қоры	28 218
2	Қордың өсуі	354
3	Қордағы шығыс	2997
4	Жаңа буын	2983
5	Қазақ тіліндегі кітаптар	16539
6	Көркем әдебиет	5858
7	Жалпы оқырмандар саны	643
8	Кітапханаға катынау	6436
9	Кітап берілімі	12 872
10	Кітапхана көлемі	56 кв.

3. Саяси - идеологиялық бағыттағы жұмыстар

Жас ұрпақтың өз отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында туған өлке туралы білімін кеңейту. Ондағы мақсат ғасырлар бойы қасірет тұтып келген ар-намыс, ождан имандылық, инабаттылық, ата-анаға, отанға, туған елге, жерге, тілге, дінге сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді сіңіру.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауымен таныстыру, Қазақстан -2050 стратегиясының бағыттағы тапсырмаларын насихаттау.

Қазақстанның жеделдетілген экономикалық және әлеуметтік прогресі жайлы әңгімелесу, кітаптарға шолу жасау.

р/с	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	30-тамыз Конституция күніне «Шуағы нұрлы-Ата заңы»	Кітап көрме	Тамыз	Кітапханашы
2	Мәңгілік ел - мәртебелі тіл	Ақпараттық сағат	Қыркүйек	Кітапханашы
3	Ел рәміздері – ел рухы	Кітаптар көрмесі	Қаңтар	Кітапханашы
4	Тәуелсіз – елім Қазақстан	Кітап көрмесі	Желтоқсан	Кітапханашы
5	Жолдау. Талдау. Қолдау Президент жолдауы	Дөңгелек стол	Қаңтар	Кітапханашы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылатын іс-шаралар

К/сы	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Өтілу формасы	Қатысатын сыныптар	Жауаптылар
1	ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Сен туған Қазақстанныңды білесіңбе?»	Қыркүйек	Оқырман дар сайысы	5-10 сыныптар	Кітапханашылар Тарих-география пәні мұғалімдері
2	«Кітап- ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»	Қазан	Апталық	5-11 сыныптар	Кітапханашылар Ақпарат фракциясы
3	«Бір отбасы-бір кітап»	Желтоқсан	Сурет, бейне түсірілім байқауы	1-11 сыныптар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
4	«Кітап-білім бұлағы»	Қаңтар	Дебат	Дебат клубының мүшелері	Дебат клубының мүшелері

					Кітапханашылар
5	«Біз оқитын -30 кітап» (Тәуелсіздің 30 жылдығы)	Ақпан	«REDx» жұмысы	5-11 сыныптар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
4	«Ж. Жабаевтың өмірінен»10 дерек	Наурыз	Ақпараттық time	8-11 сыныптар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер
5	«Бірге кітап оқиық!»	Сәуір	Эстафета	1-11 сыныптар	Кітапханашылар Сынып жетекшілер

4. Көркем әдебиетті насихаттау

к/с	Өткізілетін іс-шаралар тақырыбы	Іс-шара түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ахмет Байтұрсынұлы туғанына 150 жыл	Библиографиялық шолу	Қыркүйек	Кітапханашы Ұйымдастырушы тәлімгер
2	Аса көрнекті ағартушы педагогы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл	Кітап көрме , мәлімет беру, әдебиеттерге шолу	Қазан	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғал Кітапханашы
3	Қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімелерін оқу және өзара ойбөлісу	(дөңгелек үстел) әдебиеттерге шолу	Қараша	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғ Кітапханашы
4	Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д. Қонаев 110 жаста	Кітап көрмесі, Библиографиялық шолу	Қаңтар	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғ. Кітапханашы
5	Халық қаһарманы Б. Момышұлының туғанына 110 жыл	Кітап көрме Библиографиялық шолу	Қаңтар	Кітапханашы
6	Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл	Кітап көрмесі, Әдеби кеш	Ақпан	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғ. Кітапханашы
7	Жазушы драматург Тахауи Ақтановтың «Қаһарлы күндер» атты романын оқу	Дебат	Ақпан	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғал Кітапханашы
7	Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл	Әдеби кеш, кітап көрмесі	Ақпан	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғал Кітапханашы
8	Жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогын оқып шығу	Дөңгелек үстел	Наурыз	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғал Кітапханашы
9		кітап көрмесі	Сәуір	Кітапханашы

5. Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру

Кітапхананың алдында тұрған мақсаттардың бірі-оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруға, ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішінде өзіне керекті қажетті білімді іріктеп, тандап алуға үйрету. Ол мектеп оқытушылары мен оқушыларына білім орта құру арқылы ақпараттар көзіне мүмкіндіктерін аша отырып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. ХХІ ғасыр азаматтарына алуан түрлі ақпараттар ағымында жол сілтеп, өз игіліктеріне жұмсауға үйрету, ақпараттық қоғам тіршілігіне әзірлеу.

Р/с	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Кітап іші -сырлы әлем»	Апталық	Сәуір	Кітапханашы
2	«Кітап – ең сабырлы ұстазың»,	Кітап көрмесі	Сәуір	Кітапханашы
3	«Кітаппен бірге жаңа әлемді ашамыз»	Кітаптар әлеміне саяхат	Сәуір	Кітапханашы
4	«Кітап құрылымы»	Кітапханалық сабақ	Сәуір	Кітапханашы

6. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары

Р/с	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	30-тамыз Конституция күніне «Шуағы нұрлы-Ата заңы»	Кітап көрмесі	Тамыз	Кітапханашы
2	Жаңа кітап- жаңа әлем	Кітап бұрышы	Қыркүйек	Кітапханашы
3	1 желтоқсан Тұңғыш Елбасы күні	Көрме	Желтоқсан	Кітапханашы
5	«Белгілі адамдар өмірінен» (композитор, суретші, сазгер, ғалымдар ... туралы) көрме циклі	Кітаптар көрмесі		Кітапханашы
6	Тәуелсіз елдің ұрпағымыз	Көрме	Желтоқсан	Кітапханашы
7	«Майдангерлер мәңгі жасайды»	Ақпараттық шолу	Мамыр	Кітапханашы
8	«Ерлік жыры –елдіктің ескерткіші»	Көрме	Мамыр	Кітапханашы
9	«Абайдың дана- Абай дара »	Бұрыш	Жыл бойы	Кітапханашы, тіл мамандары

7. Эстетикалық, этикалық тәрбие негізінде сұлулық жайлы және өлке тануға байланысты насихаттау

Р/с	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Табиғатым – махаббатым	Танымдық сағат	Қазан	Кітапханашы
2	«Белгілі адамдар өмірінен» (композитор, суретші, сазгер, ғалымдар ... туралы) көрме циклі	Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханашы
3	Бәрі де, Ана бір өзіңнен басталады.	Кеш	Наурыз	Кітапханашы
4	Наурыз шаттық мереке		Наурыз	Кітапханашы
5	1 мамыр Халықарадық достық күні		Мамыр	Кітапханашы, Тәлімгерлер
6	9 мамыр Жеңісті жақындатқандар	Таным сағаты	Мамыр	Кітапханашы, пән мұғалімдері

8. Әдеби көркем шығармалар арқылы жасөспірімдерді сөйлеу мәдениетіне үйрету, үш тұғырлы тіл идеясын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар

Р/с	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Латын әліпбиі - ХХІ ғасырдың ғылыми және білім беру тілінің негізі»	Сынып сағаты	Қазан	Кітапханашы, сынып жетекшілер
2	«Тілім менің тірлігімнің тірегі»	Ойтолғау	Қараша	Кітапханашы
3	«Тілім менің ғасырлардан аманат»	Мәнерлеп оқу	Сәуір	Кітапханашы «Жас ұлан» ұйымы

9. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған жұмыстар

к/сы	Өткізілетін іс-шаралар тақырыбы	Іс-шара түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Табиғат тал бесігін»	Кітапханалық сабақ	Қазан	Кітапханашы
2	ЖИТС-касіретті дерт	Кітапханалық сабақ	Қараша	Кітапханашы
3	«Туберкулез кәсіретті дерт»	Айлық лекция	Ақпан	Мед бике
4	7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күні: «Денсаулық байлықтан қымбат»	Экологиялық сабақ	сәуір	Кітапханашы

10. Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстардың түрлері.

Оқу жылының басында сынып жетекшілерімен пән мұғалімдерімен біріге отырып сыныптырды оқулықпен қамтамасыз ету.

Оқулықтардың таза ұсталуын сынып жетекшілері мен ата-аналардан үнемі талап етіп отыру.

Оқулықтардың тазалығын айына 1 рет, оқушылардан ұйымдасқан кезекшілермен бірге тексеріп отыру.

Оқулықтарды таза ұстауға сынып аралық жарыстар өткізу

Жыртылған оқулықтарды «Кітап емханасынан» өткізу (түптеу).

Аудандық білім бөлімінен бөлінген оқулықтарды дер кезінде алып, кітапхана есеп кітабына тіркеп, белгі соғып отыру.

Кітапхана қорын көнерген, жыртылған оқулықтардан, оқу бағдарламасы ескірген, оқуға жарамсыз әдебиеттерден тазартып отыру.

Р/с	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Оқулық Тарату	Тамыз	Кітапханашы
2	«Оқулығыңның жайы қалай?» тексерісі	Тексеру	Айсайын	Кітапханашы
3	«Кітаптың көркем әрленуі»	Кітап Түптеу	Жылбойы	Кітапханашы
4	«Кітапханаға оқулық сыйла»	Акция	Жылбойы	Кітапханашы
5	Оқушылардан оқулықтарды қабылдап алу	Оқулық Жинау	Мамыр	Кітапханашы
6	Оқулықтардың сақталуы туралы кеңесулер, бұқаралық шаралар, кітапханалық сабақтар өткізу		Жыл бойы	Кітапханашы

11. Активтермен жұмыс

Активтермен жұмыс нағыз оқырман коллективін тәрбиелеу болып табылады. Активті тәрбиелеу ісі кітапханашының күнделікті жұмысында балалармен әртүрлі көпшілік жұмыстарын өткізу барысында жүзеге асырылып отырады.

Актив оқырмандар арқылы көптеген балаларды кітаппен жұмыс істеуге үйретіп кітапхана әлеміне қызықтырып оларды кітапқа деген ынтасын арттырады.

Оқу жылы басында активтерді қайта сайлау оған жетекшілік ететін оқырмандар жетекшісін сайлап алу.

Активтердің күн сайын кітапханаға кезекшілік етуін қамтамасыз етіп отыру.

Кітапхана жұмысы түрлерін активтерге таныстырып оларға жұмыстар беріп отыру

№	Жұмыстың тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Үздік оқырман	Байқау	Жыл бойы	Кітапханашы
2	«Оқулығыңның жайы қалай?»	Тексеру	Ай сайын	Кітапханашы
5	«Кітаптың көркем әрленуі»	Кітап Түптеу	Жыл бойы	Кітапханашы
6	«Кітап іші - сырлы әлем»	Апталық	Сәуір	Кітапханашы

Мектеп кітапханашысы:

Н. Абенова

Н. Абенова



Кітапхананың 2021-2022 оқу жылына қойған мақсаты:

Жаңа заманауи тәсілдерді пайдаланып, жас оқырманға-«Оқуға құштар- мектеп» жобасын бағдар етіп ала отырып, патриотизмге, бабалардан мирас болып қалған ұлы мұраны қадірлеуге тәрбиелеп, жалпы ұлттық құндылықты бойына сіңірген, ұлттық идеяларға тұрақты, саналы тұлғаны қалыптастыру мақсатында кітап қорын насихаттау.

Міндеттері:

- Қоғамға қызмет ету, ұлттық мүдде мен халықтың рухын жандандыру.
- Отанымыздағы ақпараттық ресурстарды өркендету және өз қызметіндегі барлық бағыттардың интеллектуалды әлеуетін ынталандыруға жәрдем беру;
- Оқырмандардың ақпарат және жаңа білімдерді шексіз пайдалануын қамтамасыз етіп, оларға жаңа, әрі сапалы түрде қызмет көрсетуді қалыптастыру, оқуға және білімге қызығушылықтарын қолдау, оқу мәдениетіне тәрбиелеу;
- Мемлекеттік тілді дамытуда маңызды роль атқаратын қазақ акын-жазушылары мен жергілікті каламгерлердің шығармаларын оқырмандарға кеңінен насихаттап, әр түрлі әдеби, мерекелік, кездесу кештер, поэзия сағаттары мен дөңгелек үстелдер өткізу;
- Оқырмандардың жалпы дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыра отырып, мүдделері мен қажеттіліктерін жүйелі зерттеп, оны қанағаттандыру, бос уақытын сапалы ұйымдастыруда кітапты пайдаланудың ролін арттыру;
- Кітапхана жұмысын дамыту, жұмыстың жаңа түрлерін енгізу, жаңашылдық бағытта жұмыстар атқару;
- Қордың жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ету
- Ақпараттық –кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Отанын сүйетін, жаһандық бәсекеге қабілетті саналы тұлға қалыптасады.

Кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттары

- 1.Кітапхана міндеті, ережесі
2. Негізгі бақылау көрсеткіштері
3. Саяси- идеологиялық бағыттағы жұмыстар.
4. Оқырманды кітапханаға тарту жұмысын ұйымдастыру.
5. Оқу үрдісіне ақпараттық жәрдем беру;
6. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке, елжандылыққа тәрбиелеу жұмыстары
7. Эстетикалық, этикалық тәрбие негізінде сұлулық жайлы және өлке тануға байланысты насихаттау